

Мұражай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің мұражайы 1989 жылдан бастап жұмыс жасайды, ол тарихи, ғылыми және көркемдік құндылықтар саналатын материалдық және рухани мәдениет бұйымдарын жинауға, сақтауға, көрмеге қоюға бағытталған ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушы құрылымдық бөлімше болып табылады.

Мұражайдың басты мақсаты топтамалардың тарихи, педагогикалық, ғылыми және білім беру құндылықтарын сақтау, өзектендіру және экспозицияны ғылыми тұрғыдан баяндау болып табылады.

Мұражайдың басты мақсаты үш негізгі қызметтерден тұрады: білім дамуының негізгі процесстерін ғылыми құжаттау және зерттеу, педагогикалық және тарихи мұраны сақтау, мұражай ерекшеліктерін білім беру мақсатында пайдалану.

Мұражай университет қалыптасуының болашағы мен өткені арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Мұражай түпнұсқа құжаттар арқылы студенттердің тануға деген қызығушылықтарын дамыту, тарих туралы білімдерін кеңейту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізеді.

Мұражайлық экспозиция екі бөлімнен тұрады: білімнің XX ғасыр бас кезіне дейінгі және қазіргі кезеңдері. Бұл – университет жетістіктері мен белгілі бір жүйедегі бұйымдар мен құжаттар көрмесі.

Мұражай қызметінің негізгі міндеттері:

- Университеттің дамуы мен Ақтөбе облысының қалыптасу тарихының нысандарын іздестіру, сақтау, есепке алу, зерттеу;
- Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті тарихын, дәстүр сабақтастығын, тарихи және мәдени мұраларын сақтау және насихаттау;
- Мұражайлардың студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіндегі, оқудағы ролін арттыру;
- Университет тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, фотоларды, эпистолярлық құжаттарды, жазбаларды жинау және іріктеу, мұражай залдарына экскурсия жүргізу, тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, мұражай қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;
- Мұражай келушілері болып табылатын түрлі топтар арасында мұражай мәдениетін дамыту;
- Жоғары ғылыми, білім беру және ұйымдастырушылық деңгейлерде экскурсиялар, көрмелер, кездесулер ұйымдастыру;
- Ғылыми-зерттеу құжаттамасымен, баяндау тақырыптарымен, өңірдің білім беру жүйесінің және университет дамуының архивтік материалдарымен толық қамтамасыз ету;
- Ақтөбе облысының білім беру жүйесінің дамуы, университет тарихы бойынша экспозиция жасау;
- Материалдарды, соның ішінде бейне материалдар жинау мен жүйелеу, мұражай келушілері арасында жаңа технологияларды насихаттайтын мерзімді басылымдар сатып алу;

- Мемлекеттік архивтерде, университеттік архивтерде, кітапханалар мен басқа мұражайлар қорларында жұмыс жасау;
- Университет тарихы мен дамуы жөніндегі материалдық құндылығы бар құжаттар, қолжазбалар, кітаптар, фотолар, эпистолярлық құжаттар, тақырыптық каталогтар жинастыру.

Мұражайдың негізгі қызметтері:

- Мұражайдың ғылыми концепциясын дамытуға, архитектуралық көркемдік шешім жобалауға, тақырыптық және экспозициялық жоспарларға қатысу;
- Мұражай қорын сандық тасымалға көшіру және оны әлемдік мұражай қорына кірістіру;
- Мұражайдың тақырыптарына сәйкес түрлі оқиғалар мен атаулы күндер бойынша тақырыптық экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу;
- Экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар әдістерін жетілдіру, жаңа технологиялардың, оқытудың интербелсенді түрлерінің және т.б. көмегімен экспозицияның тақырыптық құрылымын кеңейту;
- Студенттер мен оқытушылардың ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажет университет қалыптасу тарихы бойынша тақырыптық материалдармен әдістемелік қамтамасыз ету;
- Белгіленген жүйе бойынша құжаттар мен заттар экспозициясы, олардың нақты мазмұны мен тақырып таңдауы;
- Мұражайдың барлық экспозициясы бойынша экскурсия жүргізудің негізгі кезеңдерін дайындау;
- Университет тарихына байланысты тақырыптар бойынша көшпелі көрмелер ұйымдастыру, ғалымдармен, бітірушілермен, ардагерлермен, құрметті оқытушылармен кездесулер өткізу, университеттік конференцияларға қатысу;
- Мұражай қорының сақталуын қамтамасыз ету және есепке алу, оны жүйелі түрде толықтырып отыру.

Мұражай ролінің өсуі күтілуде, соған байланысты төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған:

- Өнер саласындағы этнографиялық нысандарды сатып алу;
- Студенттердің шығармашылық жұмыстарының экспозициясын (мүсін, сурет, қолжанбалы және сәдік өнер) ұйымдастыру;
- В области «Филология» саласында негізгі мақсат – қазақ мәдениетінің классигі, мәдениет пен ғылым саласындағы көрнекті педагогтар (Қ.Жұбанов, Н.Байғанин, Абай және т.б.) негізгі мақсат – эпос пен фольклорды мұқият зерттеу.

Мұражай қорын (970-ға жуық құжат) инвентарлық кестелер, тақырыптық каталогтар, ашық хаттар, көне оқулықтар, қолжазбалар, модельдер, түрлі жылдардағы фотокөшірмелер, архив материалдары құрайды. Олар студенттердің, магистранттар мен оқытушылардың академиялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен көмек көрсете алады.